

Бөрлі ауданында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу, автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларының мөлшерін ұлғайту және бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 ақпандағы № 9-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 наурызда № 3194 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 23-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 13.04.2018 № 23-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге 1 қосымшаға сәйкес автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары белгіленсін және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларының мөлшері автотұрақтар (паркингтер) санатына қарай ұлғайтылсын.

2. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге салықты есептеу кезінде, жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын жақын жатқан елді мекен Ақсай қаласы болып айқындалсын.

3. Осы шешімге 2 қосымшаға сәйкес қызметін Бөрлі ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары белгіленсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Автотұрақтардың (паркингтердің) санаты,
автотұрақтар (паркингтер) үшін
бөлінген жерлерге базалық салық
ставкаларының ұлғайтылуы**

№	А в т о т ұ р а қ - тардың (паркинг- тердің) түрлері	Авто- тұрақ- тардың (паркинг- тердің) санаттары	Аудандық маңызы бар қалада авто- тұрақтар (пар- кингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық с т а в - калары. Облыс орталығы үшін бел- гіленген мөлшер- леменің 75 пайызы (теңге)	А в т о - т ұ р а қ т а р (п а р - кингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары (теңге)	Базалық салық ставка- сының ұлғай- тылуы
1	А в т о - тұрақтардың (паркингтердің) ашық түрдегі	1 санаты	4,34	0,48	он есе
2	А в т о - тұрақтардың (паркинг- тердің) жабық түрдегі	2 санаты	4,34	0,48	он есе

**Қызметін Бөрлі ауданы аумағында жүзеге
асыратын барлық салық төлеушілер үшін
бірыңғай тіркелген салық ставкалары**

№	Салық салу объектісі	Салық салу объектісінің бірлігі	Тіркелген салықтық базалық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	5
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	7
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	Бір компьютер	1
4	Ойын жолы	Бір ойын жолы	12
5	Карт	Карт	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК